

2. Сөз тіркесінің ішкі мағынасы – білдірілуі тиіс таңба

3. Сөз тіркесінің белгілі бір қатынасқа түсуі – білдірілуі тиіс мазмұнды білдіруші форма.

Енді оқушыларда мазмұн мен форма туралы бір ұғым қалыптасады. Бірақ бір форманың бірнеше мазмұнды бере алатындығы туралы білім қажеттілігі де осы арада туындайды. Оны аттап кетуге болмайды. Бұл мәселен «Еркін сөз тіркесі мен тұрақты тіркес», «Еркін сөз тіркесі мен күрделі сөз», «Еркін сөз

тіркесі мен аналитикалық форманттар» тақырыбы арқылы тамаша меңгертуге болады. Жетінші класс оқушыларына мынадай тапсырмалар беруге болады: *Мына құрылымдарды қажетті бағанға жаз:*

Кестемен жұмыс, Марат ағай, көзінен оты шықты, қара қоңыр, үйге келдім, ит арқасы қиянда, сегіз жүз елу, алтын сағат, мұртын балта шаппайды, он кітап, қаны басына шықты, оқып жатыр.

Сөз тіркесі	Күрделі сөз	Тұрақты тіркес
Кестемен жұмыс	Марат ағай	көзінен оты шықты
үйге келдім	қара қоңыр	ит арқасы қиянда
алтын сағат	сегіз жүз елу	мұртын балта шаппайды
он кітап	оқып жатыр	қаны басына шықты

Мұндай жұмыстар оқушылардың сөз тіркестерінің түрлерін қаншалықты білетінін көрсетеді, әрі ойын жүйелеп, білгенін түрлендіріп, ауызша да, жазбаша да жеткізе білуге дағдыландырады.

1. П.М.Эрдниев. Укрупнение дидактических единиц в обучении математике. М.,1986

2. Микерова Г.Ж. Лингводидактические основы обучения русскому языку по технологии укрупненных дидактических единиц в начальных классах. Краснодар, 2008

3. Аханов К. Тіл білімінің негіздері.- Алматы, «Мектеп», 1978.

4. Махмұдов М.И. Мектепте проблемалық оқытуды ұйымдастыру. Алматы,

К. Ш. Балабекова

Изучение развития словосочетаний

В статье рассматривается характер технологии обучения укрупненным дидактическим единицам.

K.S. Balabekova

The study of the phrases development

This article discusses the nature of learning technologies of enlarged didactic units.

С. Б. Бектемирова,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к.

Р. Әуесхан,

филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті, 2 курс студенті

ОРАЛМАН ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚ ТІЛІНЕ БЕЙІМДЕЛУІ

Тілде бейімделу үрдісі бірден қалыптаса қоймайды. Тілдің бейімделуі біршама уақытты талап етеді. Оған мысал ретінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған уақыттағы шет елдегі қандастарымыздың өз еліне ең алғаш келген кездегі сөйлеу тілі мен қазіргі кездегі сөйлеу тілінің арасындағы ерекшеліктер мен айырмашылықтарды айтуымызға болады.

Репатриант-қазақтардың тіліне байланысты зерттеулер баршылық, алайда олардың жергілікті тілге бейімделуіне байланысты зерттеулерді әлі кездестіре алмадық.

Қазақ елі өзінің Тәуелсіздігін алып, ақ түйенің қарны жарылған сонау қасиетті күнмен бірге шет елдердегі қандас ағайынның елге оралу арманы аңыздан ақиқатқа айнала

бастады. Президентіміздің көрегенді саясатының нәтижесінде бүгінде атажұртқа оралғандар мен оралам деушілерге барлық мүмкіндік жасалып отыр. Тілші ғалым Д. Әлкебаева: 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасына 1млн-ға жуық этникалық топтар келген, – дейді [3, 106.].

Оралған қандасатарымыз жат жер, шет ел, басқа мемлекетте, өзге қоғамда жүрсе де ұлттық ерекшеліктерін жоймай, қазақи рухын, қазақы мінезін, баға жетпес салт-дәстүрін кеудедегі шыбын жанындай аялап сақтап, өздерімен бірге алып келді. Елбасымыз «Тарих толқынында» еңбегінде былай дейді: «Қазақ диаспоралары өзі тұрған елдердің қайсысында болмасын, олардың мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын тамаша меңгерді. Ол елдердің басым бөлігінде қазақ тілінің ешқандай құрылымдық қорғаны жоқ еді, соған қарамастан сол елдердің бәрінде де өз тілі мен мәдениетін сақтай білді» [1, 1416.].

Репатрианттардың барлық жағдайы бағдарлама бойынша бекітіліп, алдын ала жеңілдіктер ойластырылса да бағдарламаға енбей, өз бетімен көшіп келуші бауырларымыз да болды. Мейлі бағдарламамен келсін, не өз бетімен келсін оларды ортақ бір кедергі күтіп алды. Ол әрине – тіл мәселесі. Алғашқы көшікөп жылдарындағы, тіпті қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі – орламандардың Қазақстандағы тілдік ортаға бейімделуі,өзінің бұрын қалыптасқан сөйлеу мәдениетін Қазақ еліндегі тілдік ортаға, тілдік нормаға икемдеуі, тілдік сәйкестілікке ие болуы, әлеуметтік топта тілдік кедергіге ұшырамау болып отыр.

Қазақстан елі үшін Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Ал шет елдердегі қазақтар үшін диаспора тілі. Диаспора тілі (грек. diaspora шашырау) – этникалық топтың бір бөлігінің тарихи түптөркіні бар елден сыртқары жерде – басқа елде тұратын, негізгі ұлт тілімен салыстырғанда, тілді пайдаланушыларының саны аз ұлт өкілдерінің тілі [2, 866.]. Жалпы диаспора тілі күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас тілі, мерзімді басылымдар, радиохабарлар тілі,көркем әдебиет, Интернет сайттарының тілі ретінде өмір сүреді. Мысалы Моңғолияда күн сайын бір сағат қазақша радиохабар тарайды, және www.baiolke.com атты Моңғолия қазақтарының ақпараттық порталы бар.

Бүгінде шет елдерден атажұртқа оралушыларды неше түрлі терминдермен атап жүр. Мысалы: *оралмандар, оралғандар, репатриант-*

тар. Ғылыми тілдегі ең көп қолданыста жүргені – репатриант.

Репатриант (лат. re – қайталану мағынадағы қосымша *patria* – Отан, туған ел) – Отанына қайтып оралған адам. Біздің елде репатриант терминінің орнына оралман сөзі қолданылады. [2, 1946.]. Репатрианттар тіліндегі кездесіп жататын әртүрлі тілдік кедергілерді, ерекшеліктерді, айырмашылықтарды, тілге бейімделуін тіл білімінде әлеуметтік лингвистика ғылымы зерттейді.

Әлеуметтік лингвистика (фр. *Linguistique* > лат. *lingua* язык) ағыл sociolinguistics – тіл әлеуметтануы, әлеуметтанушылық лингвистика, әлеуметтану тіл білімі, лингвоәлеуметтану. Тіл және қоғамның өзара себепті байланысын, тілдің қоғамдағы қолданылу ерекшеліктерін, әлеуметтік айқындылықтағы, нақтылықтағы тілді зерттейтін тіл білімінің бір тармағы. [2, 45 б.].

Күнделікті тұрмыста репатрианттар белгілі бір әлеуметтік топтың мүшесі ретінде қарым-қатынасқа түседі. Тілдік сәйкестіліктің жоқтығы немесе аздығы себепті репатрианттар тілдік ортада, өз тілдеріндегі тілдік ерекшеліктерін көрсетеді. Ол ерекшеліктер мынадай себептерге негізделеді. Оралмандардың көбісі қостілді. Олар өздері өмір сүріп отырған мемлекеттің тілін және ана тілдерін меңгерген. Мемлекеттік тілі мен ана тілінің өзара қарым-қатынасы нәтижесінде тілдік үстемдік процесі жүрмей қоймайды. Сол үстемдік аталмыш елдің мемлекеттік тілінің әсерін диаспора тіліне (шетелдегі қазақтар тілі) фонетикалық, лексикалық тұрғыдан тигізеді. Тілші ғалым Д. Әлкебаева: Кез келген қазақ диаспорасы өкілдерінің тілдік жағдайы оңып тұрған жоқ. Олар шетелде үш түрлі алфавитті оқып өседі: а) өздері өмір сүрген мемлекеттің алфавиті; ә) сол мемлекетте басымдылық көрсететін тілдің алфавиті; б) өз тілінің алфавиті [3, 10 б.].

Тарихи отанына оралған репатрианттар тілі ең аз дегенде жарты жыл яғни алты ай уақыттың ішінде әлеуметтік өзгеріске ұшырап, өмір сүріп жатқан жеріндегі тілдік жағдаятқа икемделе бастайды. Бұл әсердің жақсы жағы сондай-ақ кері ықпалы да бар. Мысалы қазіргі жастар тіліндегі сленгтер, арголар, жаргондар, ақпараттық техникаға, күнделікті қарым-қатынасқа байланысты тілдік элементтер репатриант сөздік қорына еріксіз кіріп отырады. Атап айтсақ, қазіргі күнделікті тұр-

мыста қолданысқа міндетті түрде түсетін сөздер: *сотка, звондау, ало, уже, мусор, пакет, свет*; слэнгтер: *маяк тастау, крышасы бар, құлаққа теппеші, қоянның суретін салмашы, құлаққа лапша ілмеші, жаргондар: жынды екен, базар жоқ*, т.б. Осы сияқты өзге тілдің әсері басым элементтер уыздай таза қазақша оралман тілін шұбарлаудың алғашқы бастамасы болып отыр. Жоғарыдағы сөздерді қазіргі қоғамда қолданбай өмір сүру мүмкін емес. Бірақ осы тілдік үрдіске ілесіп кету репатрианттарға оңайға соқпайды. Себебі жоғарыдағы алынған мысалдардың дені орысша, қалғаны орысшадан сөзбе-сөз аударылған. Олай болса орысша білмейтін репатриант тілі мұндай өзгеріске тосырқана қарауы заңды.

Енді репатрианттар тілі өздері келген елдің жергілікті тіліне қаншалықты бейімделгенін, сол бейімделу олардың Қазақстандағы тілдік ортаға үйренісіп, тілдік әрі мәдени сәйкестілікке ие болуына тигізетін кері әсерін сөз етейік.

Мысалы Моңғолия қазақтары кириллицаға негізделген моңғол тілінің және сол елдегі басым тіл ағылшын тілінің алфавитін, ал Қытайдағы қазақтар А. Байтұрсынұлы құрастырған төте жазуды, қытай тілінің иероглифтерін, және басым тіл – ағылшын тілін үйреніп өседі.

Моңғолия және Қытай елінен келген репатриант-қазақтар тілінің жергілікті халық тілі-

Моңғолия қазақтары:

қалақ «ас ішетін қасық»
қиын әдемі «өте әдемі»
ақсөңке «қураған ағаш, отын»
майға алу «біз үй майлап тұрамыз»
пысыр «тамақ пысыру»
шай ас «шай ас, ішейік»
әйтеу «жеттім-ау әйтеу»

Ал Қытайдан келген бауырларымыздың тілдік бейімделуі тіпті күрделі.

Олар А. Байтұрсынұлы құрастырған төте жазуымен және қытай иероглифтерімен жазып үйренген. Кириллицаны Қазақ еліне келгенде бірақ көрді.

Орыс тілі сабағы кірмейтіндіктен Қытайдан келген репатрианттарға Қазақстандағы тілдік жағдаят өте ауыр тиеді.

Мысалы Қытайдан келген репатрианттар: Әуезов (нормаға сай оқылуы – Әуезів) –

не бейімделген көрінісін төмендегі мысалдар негізінде көруге болады:

Моңғолиядан келген репатриант-қазақтар тілінің бейімделуі:

Мысалы: *чийдэн – шийдін* «шійдінді өшір – жарықты өшір»;

магад үгуй – магат жоқ «Асан ертең келсе магат жоқ – Асан ертең келуі мүмкін»;

яг – иәк «Бұл сөзді иәк айтасың – Бұл сөзді дәл айттың»;

угаасаа – угаса «Біз угаса бес күн оқимыз – Біз онсыз да бес күн оқимыз»;

хашаа – қаша «Ұрылар кеше қашадан секіріп түсіп, үйдегі бағалы заттарды ұрлапты – Ұрылар кеше дуалдан секіріп түсіп, үйдегі бағалы заттарды ұрлапты»;

ширхэг – шіркек «Маған екі шіркек алма беріңізші – Маған екі дана алма беріңізші»;

заавал – забыл «Ертең забыл кел – Ертең міндетті түрде кел»;

ховор – қобыр «Қазір кітап оқитын жастар қобыр ғой – Қазір кітап оқитын жастар сирек қой»;

төлбөр, төлбір – төлем «Оқудың төлбірі қымбаттап кетті – Оқудың төлемі қымбаттап кетті» т.б.

Жергілікті жердегі диаспора тіліндегі қалыпты құбылыстардың, тілдік бірліктердің Қазақстандағы тілдік нормаға сай келмеуі. Оның ішінде қазақ тіліндегі диалект сөздермен қатар қолданылуы. Мысалы:

Қазақстан қазақтары:

қасық
қатты әдемі
қураған, бос ағаштар, бұтақтары
жалға алу
пісір
шай қой
әйтеуір

Әуезов, *революция* (нормаға сай оқылуы – ревалюция) – революция, *олимпиада* (нормаға сай оқылуы – алимиада) – олимпиада деп оқиды.

Көптеген репатрианттардың орыс тіліндегі *о* әрпінің *а* болып оқылатын тұстарынан хабары жоқ. Бұл әрине заңды. Себебі Қытайдың білім беру бағдарламасында орыс тілі пәні жоқ.

Қытай тілінде «ч» актив дыбыс себепті *Шәуешек* сөзін қытай қазақтары *Чәуечек* деп айтатын тұстары көп. Олар қазақтың *ш* (*шы*) дыбысы келетін сөздерді «ч» -мен айтады.

Міне, осындай тілдік ерекшеліктер мен айырмашылықтарды айқындау негізінде олардың тілдік сәйкестілігі әлі қалыптаспағанынан көреміз. Бірақ оралмандар тілі таза, құнарлы, оралымды екеніне ешкім дау айта алмас.

Моңғолия, Қытай, Түркия, Франциядан келген қандас бауырлығымыз келген бойда орыс тілінің басымдығынан көп зиян шегеді. Олардың тіліндегі ерекшеліктер уақыт өте азайып, тілдік сәйкестілігі жоғарылайды. Бәрі бір де орыс тілінің күнделікті қарым-қатынаста ғана емес қоғамда да басым тіл болуы және олардың аталмыш тілді білмеуі, меңгерудегі қиындықтары репатрианттар тіліне көп зала-

лын тигізеді. Жоғарыда келтірілген мысалдардың барлығы дерлік тілдік фактілер. Ал бұл мәселелерді шешуде әлеуметтік жағдайға кеп тірелеміз. Репатрианттар тіліндегі тілдік ерекшеліктер мен қазіргі қоғамдағы салмағы басым емес мемлекеттік тілдің жағдайы олардың сіңісіп кетуіне белгілі дәрежеде кедергі келтіретінін анықтадық. Мемлекеттік тіліміздің мәртебесі арта берсін деп тілейміз!

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999.
2. Сүлейменова Э.Д., Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2008.
3. Әлкебаева Д.А. Сөз мәдениеті: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Бектемирова С.Б., Аuesхан Р.

Языковая идентичность, языковой барьер репатриантов-казахов

В данной статье рассматривается языковое состояние и языковая идентичность, языковой барьер репатриантов-казахов.

Bektemirova S.B, R. Aueskhan

Language identity, language barriers of immigrant Kazakhs

Article considers the language situation and language barrier, identity of repatriates-Kazakhs.

Р. Байымбетова,

А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің оқытушысы. Түркістан қ.

КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ҰМАЙ ЖӘНЕ ҚҰТ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ТІЛДЕГІ КӨРІНІСІ

Орхон ескерткіштері тілі деректері Ұмай культінің VІІ-ІХ ғасыр түркілері танымында ерекше орын алған қасиетті ұғымдардың бірі екенін көрсетеді. Адамзаттың өсіп-өнуінің пірі, отбасының қорғаушысы саналған Ұмай ұрпақты аман-есен дүниеге келтіреді, сәбиді ауру-сырқаудан, көз, тіл тиюден қорғайды деп сенген көне түркілер Ұмайды қасиетті Әйел-Ана ретінде таниды. Түркілердің мифологиялық дүниетанымының басты ұғымдарының бірі Ұмайды грек аңыздарындағы Афродитамен, авесталық Ардвисура Анахитамен байланыстырушы көзқарастар бар [2, 230 б.].

М.Орынбеков “Түрік пен монғол халықтарының салыстырмалы мифологиясында, әфсаналарда Ұмайға монғолдың Этуген құдайы сәйкес келеді, себебі ол да ежелгі түріктің қасиетті “Отыкен қарашылығынан” шыққан.

Ұмайды ежелгі үнді құдайы Умамен салыстырады, ол да Ұмай сияқты міндеттер атқарған. Ұмай деген сөздің өзі «бала орны», «ана іші» және сондай ұғымдарға сәйкес келеді» [1, 152 б.] дей отырып, Ұмайдың міндеті ең алдымен адам баласының тууын қамтамасыз ету, оларды дүниеге аман-есен келтіру екенін айтады. Таулы Алтай өңірі Кудыргэ қорғаны маңынан табылған үш мүйіз тәрізді бас киімі бар әйел бейнесіндегі балбал тасты зерттеу барысында тарихшы-археологтар балбал таста өсіп-өнудің киесі, бала мен жауынгерлердің қорғаушысы қасиетті Ұмай бейнеленуі мүмкін деген қорытындыға келген. Алтайлықтар мен телеуттер арасында *Үч Мүстү Бай Оны* (үш мүйізді қасиетті ана) жайлы аңыз кеңінен тараған. Бұл аңыз Ұмай-Ананы аңшыларды желеп-жебеуші киесі ретінде танудан туған